

СУБСТАНТИВ ЗАТ ЕСІМДЕР

Субстантивтену – транспозиция құбылысының бір түрі. Транспозиция деп тілдік жүйедегі белгілі бір сөз табына жататын сөздердің немесе сөзформаның сөйлеу кезінде өзіне тән қызметін өзгертіп, басқа сөз табының қызметіне көшуін айтамыз. Субстантивтену құбылысын А.Байтұрсынұлы «зат сымақтану» деп атаған. Субстантивтену – транспозицияның адъективтену, адвербиалдану, прономиналдану, вербалдану құбылыстарына қарағанда, бұл құбылыстың ең бастапқысы және негізгісі әрі жиі кездесетіні. Ғалымдардың көрсетуінше, субстантивтену фактілері көне түркі ескерткіштері мәтіндерінен де байқалады. Белгілі түркітанушы ғалымдар С.Е.Малов, П.М.Мелиоранский, М.А.Терентьев, В.А.Гордлевский еңбектерінде субстантивтену құбылысы туралы алғашқы пікірлер айтылады. 1875 жылы М.А.Терентьев «Сын есімдер тіркесетін зат есімдерсіз қолданылса, септелетінін айтады [Хрестоматия турецкая, персидская, киргизская и узбекская с приложением почесрков и таблицы летоисчислений. – СПб.: Типография Императорской Академии наук, 1876. Т. 1. – Кн. 2.]. Мәселен, *Тоқтамыс сол ауылдың бай адамы еді* дегенде *қандай адам* сұрағына жауап беріп, сын есім деп тануға болады. Енді *Баяғыда бай бопты* десек, бірден-ақ адамға қатысты ұғым туғызып, зат есім деп те тануға болады. Осылайша сын есімдердің сөйлеу кезінде заттық мәнде өте жиі қолданыла алуы сын есімдерді зат есімдерден бөлек сөз табы ретінде берілуінің өзі шартты деген де пікір туғызды. Түркі тілдерінің алғашқы грамматикаларында сын есім дербес сөз табы ретінде берілмейді. Алайда түркітанушы ғалым А.Н.Кононов сын есімдердің зат есімдерден лексикалық мағынасы жағынан ажыратылатынын, ал заттық мәнде қолданылуында олар субстантивтенетінін атап көрсетті. Қазақ тілінде Ә.Қайдар мұны тілдегі синкретизм құбылысымен байланыстырады [Қайдар А. Т. Структура односложных корней. – Алматы, Арыс, 2005. – 304 с., 51 с.]. Р.Әмір субстантивтену құбылысын көне дәуірден бастап, өне бойы болып отыратын тұрақты тілдік процесс деп атайды [Амиров С. Особенности сиктаксиса казахской разговорной речи. – Алма-Ата, Наука, 1972.].

Транспозиция – сөйлеу кезіндегі тіл бірліктерінің негізгі қызметтен ауытқып, екінші бір сөз табының қызметіне көшуін көрсететін тілдік құбылыс. Қазақ тіліндегі субстантивтенуді функционалдық тұрғыдан зерттеген Ж.Амирова «субстантивтену ең алдымен сөйлеуде (речь) пайда болады дейді [Амирова Ж.Р. Функциональные аспекты субстантивации в казахском языке. – Алматы, Қазақ университеті, 2009. – 232 с., 37 с.]. Сөйлеу кезіндегі мұндай ауытқулар тіпті уақыт өте тұрақталып, қызметі ауысатын сөз табының барлық қасиетін игеріп, мағыналық және тұлғалық жағынан бірдей тұтасып, сол сөз табына жататын жаңа сөз дәрежесіне дейін жетеді. Жаңа сөздің пайда болуы конверсия құбылысын жүзеге асырады. Транспозицияның семантикалық және функционалдық деп аталатын түрлерінің алғашқысы – семантикалық транспозиция осы конверсиялану құбылысының алғышарты. *Семантикалық транспозиция* сөздің толық конверсияланып (субстантивтеніп не, адъективтеніп т.б.), сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілі арқылы жаңа сөздің жасалуына негіз болады. Ал *функционалды транспозиция* деп сөздердің сөйлеу кезінде ғана синтаксистік қызметін өзгертуін айтамыз. Осы тұрғыдан қазақ тілінде субстантивтену құбылысын зерттеген С.Н.Саменова сын есімдерді 1) *толық заттанған* сөздер және 2) *уақытша заттанған* сөздер деп бөледі [Заттанған сын есімнің түрлері және мағыналық реңктері. // ҚарМУ Хабаршысы. Филол. сериясы. – Алматы, 2004. - №4. – 32-35 бб.].

Қазақ тілінде сөз таптарының барлығы дерлік заттық ұғымда жұмсалып, зат есім жалғауларымен түрленіп қолданыла алады. Алайда жоғарыда аталып көрсетілгендей, заттық ұғымда қолданылған, яғни сөйлеу контекстінде синтаксистік қызметін өзгерткен сөздердің барлығы зат есім сөз табына ауыспайды. Бұндайда функционалды транспозиция құбылысы жүріп, уақытша субстантивтенеді. Мысалы: «**Жақсыдан** үйрен, **жаманнан** жирен», «**Жақсының** жақсылығын айт, нұры тасысын» деген мақалдардағы *жақсы*, *жаман* сөздері уақытша субстантивтенген сын есімдер, яғни субстантивтеніп, толық зат есімге көшкен сөздер емес.

Субстантивтенген сөздер мен сөзформалар зат есім сияқты септеледі, тәуелденеді, көптеледі, олардың мағынасы заттанады, заттық дербестік алады. Егер қандай да бір сын есім, есімше т.б. өзінің семантикасы жағынан бұлай заттық сипат алып, септік,

көптік, тәуелдік, жіктік жалғауларын қабылдай алатын болса, онда бұл олардың субстантивтенуге жарамдылығын көрсетеді.

Сөз таптарының барлығы дерлік субстантивтенеді. Субстантивтенуге ең бейім сөз табы – сын есімдер. «Екі жаман қосылса, кең дүниеге сыймайды, екі жақсы қосылса, бірін-бірі қимайды» деген мақалда *жаман* мен *жақсы* сөздері ойдың қысқа, нұсқа берілуі мен адам сөзін қайталап айтпау үшін, сөйлеушінің стилистикалық мақсатын көздеп субстантивтендіріліп қолданылған. Алайда бұл сөйлемдерде *жақсы*, *жаман* сөздері уақытша субстантивке жатады. Түс атауларына қатысты *көк* сөзінің шөп мәнінде (*көк шықты*), *ақ* түсінің ағарған атауы (*аузы аққа жету*) ретінде, *қара* түсінің адам мәнінде (*алыстан бір қара көрінді*) қолданылауы осы субстантивтену процесінің нәтижесі.

Сан есімдер көбінесе уақытша субстантивтенеді. Уақытша субстантивтерді сөйлеу кезінде көптеп қолдана беруге болады. Мысалы, «Алтау ала болса, ауыздығы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген мақалда *алтау*, *төртеу* сөздері осы мақалда заттық ұғымды (адамды) білдіріп, бастауыш қызметінде қолданылған. Толық субстантивтенген сан есімдер контексте уақытша ғана өмір сүрмейді, тілде ұғым атауы ретінде қалыптасады. Мұндай сан есімнен субстантивтенген зат есімдер көп емес. Мысалы, *тоғыз* (*тоғыз беру, бір тоғыз, екі тоғыз*), тәуелдік формадағы сан есімдер: *қырқы, жетісі, жүзі* (*қырық, жеті, жүз күндік ас*).

Есімше тұлғалы етістіктер сөйлеу кезінде ең көп субстантивтенетін сөздер болып табылады. «Айран ішкен құтылар, Шелек жалаған тұтылар» мақалындағы *ішкен, жалаған* сөздері атау септігінде тұрған уақытша субстантивтер. Сол сияқты «Көп асқанға бір тосқан», «Қорыққанға қос көрінеді» мақалдарындағы *асқанға, қорыққанға* сөздері асқан адам, қорыққан адам деген мағынада субстантивтеніп қолданылған. Бұлар – контекстік уақытша субстантивтер. Ақ қазақ тілінде есімше тұлғалы сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілі арқылы жасалған туынды сөздер, яғни субстантив зат есімдер бар. Олар: *Жаратқан, Жасаған, қайнар, барсакелмес, тіскебасар, ұйқыашар, бойжеткен, атқамінер, шертер* (музыкалық аспап) т.б. Есімше тұлғалы етістіктердің субстантивтену арқылы жалқы есімдер де жасалады. Мысалы, *Төлеген, Елемес, Жасар, Тоқтар* т.б.

Қимыл атауынан субстантивтенген зат есімдер де тілімізде баршылық. Мысалы, *ауру, жазу, ою, шолу, егеу, жабу, жасау (қыз жасауы), бояу (краска), сабау (жүн сабайтын құрал), тіреу, көсеу, қашау, қытау, жайлау, оқу, тергеу, жоқтау (жоқтау айту), нұсқау т.б.* -у қимыл есімі сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілі арқылы терминжасамдық та өнімділігі зор. Мысалы, *сызу, қосу, бөлу, азайту*, т.б.

Қазіргі қазақ тіліндегі *-ушы/-уші* формалы есімшелерден конверсиялану арқылы тілімізде *жазушы, тергеуші, сатушы, меңгеруші* туылымдары жасалған. Бұл сөздер тілдегі субстантивтенудің бір көрінісі бола алады.

Сөйтіп, субстантив зат есімдер деп мағынасы түпкілікті заттық сипат алған, жалғау қабылдау қабілеті бар сөздер мен сөзформаларды (қосымшалы сөздер, мысалы, есімше, қимыл атау тұлғасындағы сөздер) айтады. Демек, бұлар да, жай зат есімдер сияқты, түбір, туынды және күрделі субстантив зат есімдер делініп, үш түрде сипатталады.

Түбір субстантив зат есімдер

Сын есімдер мен есімшелердің субстантивтену дәрежесі жалпы бірдей емес. Тіпті бір сын есім сөз табының өзінің де бұлай заттық сипат алу деңгейі әркелкі. Мұндай типті зат есімдердің ішінде субстантивтену арқылы реестрлік сөз дәрежесіне жеткендері де, сондай-ақ реестрлік сөз дәрежесіне әлі жете қоймағандары да, контекстік (стильдік) сипаттағылары да, окказионалдық деңгейдегілері де бар. Олардың бұлай түрліше субстантивтенуі әрқайсысының өзіндік семантикалық құрылымына байланысты.

Субстантивтенген сөздер екі түрлі тілдік қабатты құрайды. Бұл субстантивтенген сөздердің толықтай немесе уақытша субстантивтер жасау сипатымен байланысты. Толықтай заттанған сөздер сөзжасамдық құбылысқа жатса, уақытша заттанған сөздер синтаксистік құбылысқа жатады. Толықтай заттанған сөздер жаңа лексикалық бірлік тудырса, уақытша заттанған сөздер контексте, сөйлемде ғана синтаксистік қызметімен байланысты субстантивтер туғызады. Толықтай заттанған сөздер сөзжасамның лексика-семантикалық тәсіліне жатады. Жаңа

туынды сөз басқа сөз табына жататын сөздің мағыналық дамуы, ауысуы арқылы жаңа мағынаға ие болады. Толықтай заттанған сөздер жалпы алғанда лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалғанмен, олар құрылымы, тұрпаты жағынан түбір (негізгі) сөздер болуы да, қосымшалы түбір, яғни туынды түбір болуы да мүмкін.

Түбір субстантив зат есімдердің бірі – *шал* сөзі. Бұл сөз жасы ұлғайған ер адам дегенді білдіреді. *Шал* сөзінің толықтай субстантивтенгендігі сонша, оның сөз таптық тегі қазіргі қалпынан тіпті байқалмайды. Кім де болса зат есім екеніне еш күмән келтірмейді. Шын мәніндегі әуелгі сын есімдік сипатын, яғни “ақ” деген мағынасын осы күнгі кейбір жеке сөз қолданыстан ғана көруге болады. Мысалы, *Шалкөде* топонимінен, *Шал құйрық* (қырғыз тіліндегі *чал сақал*) тіркесінен және *шалбастану* етістігінен. Бұлар “ақ көде”, “ақ құйрық” (*ақсақал*), “ақбастану” дегенді білдіреді.

Сол сияқты *шала* лексемасы да – түбір субстантивтердің бірі. *Шала* деп әдетте түгел (толық) жанып бітпеген отынның (ағаштың, тезектің, қидың, көмірдің) қалдығын айтады. Шатырлай атылған *шала* топша ұшады (Мағауин). *Кетті бірлік, сөнді ерлік, Енді кімге – беттемек. Елің – ала, отты шала, Тайса аяғың кім көмбек* (Абай). *Артына (құйрығына) шала байлау* фразеологизмі осы түбір субстантив зат есім негізінде қалыптасқан. Сын есімдік мағынадан мүлде қол үзген мұндай түбір субстантив зат есімдер көп емес.

Түбір субстантив зат есімдер қатарында кейбір тарихи лексика элементтері де ұшырасады. Мысалы: *жесір, тоқал* дегендер тек қазақ тілінде емес, өзге де біраз түркі тілдерінде сондай лексикалық қабатқа жатады. Екеуі де әуелде тек сын есім болған, сын есімдік мағына білдірген. *Тоқал* лексемасының бастапқы кездегі туа мағынасы, сындық сипаты қазір “*тоқал ешкі мүйіз сұраймын деп құлағынан айырылыпты*” дейтін мақалдан, сондай-ақ әдетте шатырсыз салынған (чердагы жоқ) үйге қатысты айтылатын *тоқал үй, тоқал там* тіркестерінен айқын көрінеді. Ертеде бәйбішеден (бірінші әйелден) кейінгі кіші әйелдерді осылай *тоқал* деп атаған. *Ұзын саны жиырма шақты ауыл. Көпшілігі Ырғызбайдың тоқалдары мен Өскенбайдың тоқалдарынан тараған туысқандар болатын.*

Ал *жесір* лексемасы – араб тілінен енген кірме сөз. Ол да әуел баста “*тұл*” (“вдова”) дейтін сын мағынасын білдірген. Оның осы

сындық ұғымы (яғни “тұл” семантикасы) да кейін бірте-бірте тарихилана (“заттана”) түседі, ақыры біржола субстантив зат есімге айналады, “тұтқын” (“пленный”), “күң”, “құл” (“раб, рабыня”) мағынасында қолданыла бастайды. Ертеде түрлі қақтығыс кезінде, жаугершілік заманда қолға түскен тұтқындар осылай жесір деп аталған.

Түбір субстантив зат есімдердің мына бір тобы таза орыс тілінің ықпал-ығымен қалыптасқан. Мысалы *науқас, сырқат, қызу (ыстық)* лексемалары термин жасау тәжірибесінде аударма жолымен пайда болған: алдыңғы екеуі әдетте медицина саласында жиі қолданылатын *больной (больная)* терминдерінің баламасы ретінде, ал соңғы қызу сөзі *температура* атауының қазақша эквиваленті ыңғайында. *Науқастың тілегі бойынша домбыра алғызып, көп-көп күйлер тартып отырды* (Әуезов). *Сырқат қазір орнынан тұрып, жүре бастады* (“Жас алаш”). *Бес күн болды, ыстығы қайтпай тұр* (Бөкеев). *Ертеңінде қызуы қайта көтерілді* (Сонда).

Ыстық сөзіне қарағанда, қазір *қызу* лексемасының терминдік дәрежесі, терминдік активтігі басым. Медицинадағы «температура» терминінің мағынасында *қызу* лексемасы көбірек қолданылады. Сөйлеуде «ыстығы көтеріліп жатыр» деп қолданғанымызбен, дербес термин ретінде *қызу* «температура» сөзінің баламасы болады. Мысалы, *дене қызуы* (дене ыстығы демейміз).

Осы күнде орыс тіліндегі *больной (больная)* номинативінің баламасы *ауру, науқас, сырқат* деп беріледі. *Ауру адам мәніндегі бұл субстантив атаулардың ішінде «пациент, больной» терминдерінің баламасы ретінде науқас сөзі көбірек терминдік баламаға айналып отыр.* Мысалы, *дәрігер мен науқас.* Мысалы сөйлеуде «Есік алдында бір *ауру* отыр» деп айтылмайды. Яғни адамға қатысты *науқас* сөзінің субстантивтену дәрежесі де, терминдену дәрежесі жоғары. *Ауру* лексемасы көбінесе орыс тіліндегі «болезнь» сөзінің баламасы ретінде жиі қолданылады әрі осы мағынада терминденген.

Түбір субстантив зат есімдер қатарына сондай-ақ *ауылнай, бөкебай* сөздері де жатады. Бұлар қазақ тіліндегі емес, орыс тіліндегі сын есімдердің мағынасының “заттануы” арқылы (“овеществление” жолымен), бірден заттық сипат алуы нәтижесінде пайда болған субстантивтер, яғни: *аульный>ауылнай,*

пуховой > *бөкебай*. *Бөкебайыңды салайын ба?* (Аймауытов). *Аульный, пуховой* сын есімдері сырт тұрпаты өзгеріссіз, сол тұрған қалпында субстантивтенген.

Түбір субстантив зат есімдердің негізгі бөлігі өзінің сын есімдік тегінен жалпы ажырамаған: әуелгі сындық қалпында да, сонымен қоса кейін қалыптасқан субстантив мәнінде де қолданылады. Мағынасы заттану (“овеществление”) дәрежесіне жеткен ондай субстантив зат есімдер әдетте мақал-мәтелдер мен фразеологизмдік (идиомалық) сөзқолданыстар құрамында жиі ұшырасады. *Шешен, жаяу, арзан, соқыр, саңырау, керең*, осылар сияқты тағы кейбір сын есімдер, мысалы, сондай түбір субстантив зат есімдер: *Жауға барсаң кесерді ал, дауға барсаң шешенді ал; Жаяудың шаңы шықпас; Аттыға еріп жаяудың таңы айырылыпты. Соқырдың тілегені екі көзі; Арзанның жілігі татымас; Саңырауға сәлем берсең, атаңның басы дейді.*

Туынды субстантив зат есімдер

Түбір субстантив зат есімдерге қарағанда сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілі арқылы жасалған туынды субстантив зат есімдер сан жағынан едәуір. Олар – негізінен үш-төрт қана жұрнақ арқылы жасалған туынды зат есімдер. Мысалы, мұндай туынды субстантив зат есімдерге **-ушы (-уши) жұрнақты** сөздерді жатқызуға болады: *қанаушы, қаналушы, айыптаушы, меңгеруші, жаттықтырушы, тергеуші* сияқты біраз жасалымдар жатады. Бұлар тілімізде кеңес дәуірінде орыс тіліндегі *эксплуататор, эксплуатируемый, обвинитель, заведующий, тренер, следователь* терминдерінің қазақтық баламасы ретінде қалыптасқан.

Тілімізде мағынасы “заттанған”, есім негіз бен **-лас (-дас, -тас)** жұрнағының өзара сөзжасамдық қатынасынан қалыптасқан сын есім туылымдар да біраз бар. Сындық семантикасы заттық сипат алған, зат есімденген мұндай субстантивтер қатарында мысалы, *күндес, құрдас, қарындас* (“туысқан” мағынасындағы), *замандас, жерлес, әріптес, қарсылас, бәсекелес* туынды сөздерін алып қарауға болады. Бұлардың ішінде *күндес, құрдас, замандас, қарындас* (“туысқан” мағынасындағы) сияқты сын есімдер бүгінде мағынасы өте ерте заттанған байырғы субстантивтер ретінде сипатталады. Жалпы *бәсекелес* туылымын да солай байырғы сипаттағы

субстантив зат есім деуге болады. *Бәрібай Хасенді ең қауіпті бәсекелесінің бірі деп санайтын* (Жармағамбетов). Ол тек кеңес дәуірінде активтене түсті, одан әрі терминденді. Ал *“соперница”* мәніндегі *күндес* субстантивті қазірде негізінен қолданылмайтын, историзмге айналған көне тіл құбылысы саналады. Жоғарыдағылардың кейбірі көбінесе мақал, мәтел құрамында қолданылады: *Күндестің күлі күндес; Ағайынның аты озғанша, ауылдастың тайы озсын; Замандасың болмаса, тойға барма*. Соңғы төртеуі, яғни *жерлес, әріптес, қарсылас, бәсекелес* лексемалары – орыс тіліндегі *земляк, коллега, противник, конкурент* сөздеріне балама, яғни бұлардың мағынасына дөп қазақша эквивалент іздеу процесінде, соған байланысты қазақ сөзін терминдеу барысында туған субстантивтер.

Сын есім негізді тағы біраз туынды субстантив зат есімдер - **лық және -ғыш тұлғалы** болып келеді. Кейбірі олардың мыналар: *түстік, шайлық, майлық, сулық, мінгіш* т.б. *Шайлық* деп әдетте күнделікті ас-суына, шайпұлына жетерлік қаражатты айтады. Қолға жұққан майды сүртетін орамалды, салфетканы *майлық*, ал жуынған соң сүртетін орамалды *сулық* дейді. Сондай-ақ, малшылардың су өткізбейтін сырт киімі де солай *сулық* аталады. Күнделікті жүріп тұруға көбірек пайдаланылатын көлік түрі, яғни жылқы малы *мінгіш* саналады.

Әйгерім *түстік* қамдату ісіне кірісіп, Злихаға ақырын бұйрықтар бере бастады (Әуезов). Оның байлығы – менің *шайлығым* (Жұмаділов). *Мінгіш* болсын деп ботаны биеге айырбастағанбыз (Мұқанов). Бір қосынан қырық-елу ғана *мінгіш* қалғаны бар (Әуезов).

Кейбір, мысалы, *жыртқыш, кеміруші* тәрізді туынды сын есімдер үнемі бұлай жеке тұрған күйінде емес, кейде көптік жалғауы арқылы субстантивтенеді, туынды субстантив зат есімге айналады. Мұндай, әртүрлі ит-құсқа, жәндіктерге қатысты сын есімдер әдетте **-лар (-дар, -тар)** жалғауының көмегімен, біріншіден, заттық сипат алады, екіншіден оған көптік мағына да үстейді. Және бұл құрылымды субстантив зат есімдер әдетте өздерінің айқын терминдік сипатымен ерекшеленеді.

Жыртқыштар, кемірушілер – сүтқоректілердің дербес екі бөлек атауы (ҚСЭ). *Көшпенділер, жалдамалылар, омыртқалылар, хордалылар*, тағы біраз дәл осы үлгідегі (модельдегі) туынды

субстантив зат есімдер. Жоғарыда аталған көптік жалғаулы бұл субстантивтердің бәрі де кеңестік дәуірде пайда болған жасалымдар.

Сын есім негізді туынды субстантив зат есімдер қатарына сондай-ақ *кірекеш, арбакеш, түйекеш, бейнетқор, ақша, аласы, бересі, шығасы* сияқты тағы біраз туылымдар жатады. Жоғарыда қарастырылған туынды субстантив зат есімдерден айырмашылығы, бұлар өздерінің морфологиялық құрылымы, әсіресе жұрнақтық бөлігі, жалпы тектік (генетикалық) сипаты жағынан өте әркелкі. Мысалы, *теңге, сом* құнды қағаздары өздері жасалған материалының түсіне, ақшылдығына қарай әуелден *ақша* деп аталған. Оның бұл сындық ұғымы кешікпей заттық сипат алып, яғни заттанып, ақыры біржола субстантив зат есімге айналып кеткен. *Кірекеш* туынды субстантив зат есімі тұрған қалпы, тұтас күйінде араб-иран тілдерінен енген. *Арбакеш, түйекеш* туынды субстантив зат есімдері кейін осы *кірекеш* лексемасының ізімен жасалған. *Аласы, бересі, шығасы* сөздері өздерінің семантикасы жағынан *алатын* (ақша, зат), *беретін* (ақша, зат), *шығатын~ шегетін~тартатын* (зиян) есімшелеріне сәйкес келеді. Демек, *аласы, бересі, шығасы* дегендер әуелде сын есім қызметін атқарған. Бірақ бұл сындық мағына да кейін келе заттық сипат алған, заттанған, яғни субстантив зат есімге айналған. Мұндай (*ақша, кірекеш, аласы*) құрылымдас субстантив зат есімдер жалпы көп емес, бар болғаны – осы аталғандар ғана.

Саған жоқ алты аласым, бес бересім (Әуезов). *“Шығасыға иесі басшы болғаны ма* (Сонда).

Сын есім негізді туынды субстантив зат есімдердің лингвистикалық табиғаты, өзіндік негізгі тілдік ерекшеліктері, сандық көлемі жалпы алғанда міне осындай. Ал есімше негізді мұндай субстантив зат есімдер олай емес, санаулы. Бар болғаны *жасаған, жаратқан* тәрізді екі-үш қана туынды сөз.

Бір алла осы аруға кез келтір деп, Жылаймын ертелі-кеш *Жаратқанға* (Айтыс). Осы қарашығыма әкесінің ит мінезін бере көрме, я *жасаған!* (Әуезов).

Түбір және туынды субстантив зат есімдерге, сондай-ақ, *Тілеулес, Құйған, Қоңыр* сияқты біраз жалқы есімдерді де жатқызуға болады.

Күрделі субстантив зат есімдер

Күрделі субстантив зат есімдер өздерінің сырт қалпы, тұлғасы жағынан бірде аналитикалық тәсілмен жасалған күрделі зат есімдермен байланысты болып келсе, енді бір жағдайда фразеологизмдік құрылымдармен шектесіп жатады. Лингвистикалық табиғаты екі басқа осы тіл құбылыстарының ара жігін кейде айырып болмайды. Мысалы, мына бір тіл құбылыстарына көңіл аударып көрейік: *ақсақал, бойжеткен, атқамінер, ақсарбас, көкжал, көкқасқа, бозқасқа, шолақ етек, қаратаяқ, тік бақай, шүйке бас, қол жаулық* т.б. сырт қарағанда бұлардың бәрі – субстантивтер. Бірақ бәрінің субстантивтену дәрежесі біркелкі емес. Қиындық міне осы жерден келіп шығады. Егер оларды өзара салыстырып, салғастырып көрсек, *ақсақал, бойжеткен, атқамінер, ақсарбас, бозқасқа, көкқасқа, көкжал* дегендердің субстантивтенудің ең жоғарғы деңгейінен өтіп, реестр сөз дәрежесінде күрделі зат есімдік статус алғаны айқын байқалады. Өйткені бұлар субстантивтенудің нәтижесінде номинациялық сапа алған. Оны мына бір үзінділерден көруге болады. *Жағалай сойылып жатқан ақсарбас, көкқасқалар құр ғана келіс қуанышы емес* (Әуезов). *Әлденеше бозқасқаны да сойғызды, көкқасқаны да жесті* (Сонда). *Салтанат бойжеткеннің Тінібек үйіне алғаш келгені бұл емес* (Сонда). *Ал, қолжаулық, шолақетек, атқамінер, қаратаяқ, шүйке бас* сияқтыларда жоғарыдағылардай айқын номинациялық (атаулық) ұғымнан гөрі фразеологизмдік (образдылық) сипат үстемірек.

Туынды субстантив зат есімдер сияқты, күрделі субстантив зат есімдер де өздерінің сырт қалпы, тұлғасы жағынан, сондай-ақ қолданылуы жөнінен әртүрлі болып келеді. Олар әдетте кемінде екі сыңардан тұрады. Екі сыңар және атау қалпында да, жұрнақ қосылып та әр тұрпатта қолданылады. Екі сыңары да мұндай түбір түріндегі күрделі субстантив зат есімдер көбінесе жалқы есім болып келеді. Кейбірі, мысалы, мыналар: *“Құлагер”*, *“Торжорға”*, *“Бозжорға”*, *“Көкбесті”*, *“Назқоңыр”*, *“Майдақоңыр”*, *“Жаймақоңыр”*, *“Жайқоңыр”*, *“Маңмаңгер”*, *“Ақкербез”*, *“Ешкіөлмес”*, *“Аласапыран”* тағы осы сияқтылар.

Атау тұлғалы күрделі субстантив зат есімдер құрамы жағынан бұлай үнемі есім типті ғана болып келе бермейді. Сонымен қоса

олардың бір сыңары, көбінесе соңғысы есімше тұлғасында келіп отырады. Мысалы мына сияқтылар: *қолкесер, қолүздік, ауызашар, сірге мөлдіретер, жанкүйер, нақсүйер, атұстар, антұрған, “кісен ашқан”, “көбік шашқан”, “түрмеден қашқан”, “Көңіл ашар”, алтыатар* т.б. Мәніке Ысқақтың жалғыз нақсүйері боп қалған (Әуезов). Күрделі субстантив зат есімдер қатарында терминдік ыңғайдағы мына тәрізді біраз жасалымдарды да атауға болады. Бұлардың кейбірі тілімізде кеңес дәуірінде қалыптасты. Олар: *әскери міндеттілер, асыра сілтеушілер, артта қалушылар, ту ұстаушылар (знаменосцы)*. Сонымен қатар күрделі сөз жасауда биологиялық терминдер көп кездеседі. Олар – көптік жалғауы жалғанып жасалған субстантив зат есімдер: *сүтқоректілер, қос жарнақтылар, қосмекенділер, қос жұпаяқтылар, бауырымен жорғалаушылар, көп аяқтылар, қоян тәрізділер, шаян тәрізділер, аша тұяқтылар, желбезек құйрықтылар, желбезек тыныстылар, буын аяқтылар, бас сүйектілер, бас сүйексіздер, желбезек аяқты шаян тәрізділер* т.б.